

Turkic Weekly

2018/94



KAZAKHSTAN



TURKIC WEEKLY 2018 1 (94) [25 желтоқсан-7 қаңтар]

Turkic Weekly Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.



ҚАЗАҚСТАН БҰҰ ҚК ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТЕ БАСТАДЫ

2018 жылдың 1-ші қаңтарынан Қазақстан Республикасы тарихта тұңғыш рет Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының өкілеттілігін орындауға кірісті. ҚР СІМ хабарлағандай, Қазақстанның БҰҰ ҚК төрағалығы 2018 жылы қаңтардың 1-нен 31-не дейін жалғасады.

2-ші қаңтар күні БҰҰ ҚК мүшелері қазақстандық төрағалықтың бағдарламасын талқылап, бекітті. ҚР СІМ баспасөз қызметі хабарлауынша, Қазақстан бастамасымен БҰҰ тарихында тұңғыш рет БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне екі жылдық мерзімге сайланғанына байланысты тұрақты емес алты мүшелері - Кот д'Ивуардың, Экваториялық Гвинеяның, Кувейттің, Нидерландтың, Перу мен Польша елдерінің байрақтарын көтеру салтанатты рәсімі өтті.

Сонымен қатар, 18-ші қаңтарда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен БҰҰ ҚК мүшелерінің «Жаппай қырып-жою қаруын таратпау: сенімді нығайту шаралары» тақырыбында жоғары деңгейдегі тақырыптық пікірталастары өтеді.

Айта кетейік, қаңтар айында Қазақстан басшысы Н.Назарбаев АҚШ-тың жоғары лауазымды саясаткерлерімен кездесу, сондай-ақ БҰҰ ҚК шараларына қатысу үшін АҚШ-қа ресми сапармен барады деп жоспарланған.

Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілі Қайрат Омаровтың мәлімдеуінше, қазақстандық төрағалық бағдарламасы сапалы дайындалған. Төрағалықтың алғашқы күнінің қорытындысы боуынша Қ.Омаров: «Бұл жұмыста біздің СІМ-нің ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның басқа да мемлекеттік органдары, салалық министрліктері мен ведомстволарының ұжымдық бірігуі де көмектесті. Біз төрағалыққа жақсы дайындалдық. Негізгі басымдықтарымыз бен халықаралық проблемаларға қатысты бағыт-бағдарымызды, сындарлы шешімдерді алдын-ала айқындадық», - деп мәлімдеді.

Бұдан бөлек, 25-ші қаңтарда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің Тұрақты өкілдері деңгейінде «Таяу Шығыстағы жағдай, соның ішінде Палестина мәселесі» тақырыбында тоқсан сайынғы ашық пікірталастары өтетіні белгілі болды.

Сонымен қатар, дәстүрлі түрде қаңтар айында Қазақстан төрағалығының аясында Кеңесте Сирия, Либия, Конго Демократиялық Республикасы, Орталық Африка Республикасы, Дарфур, Батыс Африка және Сахель, Оңтүстік Судан, Мали, Сомали, Кипр және Колумбия елдеріндегі жағдай бойынша ашық және жабық пікірталастары өтеді.

Қазақстанның СІМ сайтында 2017-2018 жж. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі ретіндегі Қазақстанның басымдықтары Президент Н.Назарбаевтың БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне арналған «Қауіпсіз, әділ және гүлденген әлем құру үшін жаһандық әріптестікті нығайтуға қазақстандық тұжырымдамалық көзқарас» атты саяси жолдауында көрсетілгені жазылған. Айта кетерлігі, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері Ирандағы ахуалды күн тәртібіне көтеруі мүмкін деп күтілуде. Бұл жағдайда Қазақстан тарапы Төраға ретінде Қауіпсіздік Кеңесі мүшелерінің осы мәселеге қатысты ұсыныстарын қарастыруға дайын екенін білдірді.

ҚР СІМ таратқан хабарға сәйкес, Қазақстан жағы Иран мәселесі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің күн тәртібіне енбейтіндіктен, бұл тақырыпты өз бастамасымен көтермейді. БҰҰ-да тіркелген БАҚ өкілдері қатысқан дәстүрлі баспасөз мәслихатында Қайрат Омаров жаһандық күн тәртібіндегі басты мәселелер жөнінде Қазақстанның ұстанымы бойынша нақты жауаптар берді.

Солардың ішінде Солтүстік Кореядағы, Ирандағы, Палестинадағы ахуал бойынша және де Иерусалим мәртебесі, Мьянмадағы жағдай әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызығушылығын тудырды. Сирияға, Йемендегі гуманитарлық ахуалға, климаттың өзгеруіне, Қазақстанның «жасыл технологиялар» саласындағы бастамалары мен жасампаздығына қатысты сұрақтар қойылды.

Осы орайда Астанада ЭКСПО-2017 көрмесін өткізудің халықаралық қауымдастыққа оң әсер етуі, сонымен қатар дамушы мемлекеттерге көмектесуге арналған әлемдік көрмеде ұсынылған жасыл технологиялар жаңа әлеуметтік-экономикалық дамытудағы, яғни бейбітшілікті қамтамасыз етудегі зор үлесі атап өтілді.

Осылайша, 2018 жылдың алғашқы күндерінен-ақ Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретінде жұмысқа белсене араласа бастады.



ТМД БАСШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙРЕСМИ САММИТІ ӨТТІ

2017 жылғы желтоқсанның соңғы күндерінде Ресейде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) басшыларының бейресми саммиті өтті. Кездесуге Әзербайжан Республикасының Президенті И.Әлиев, Армения Республикасының Президенті С.Саргсян, Беларусь Республикасының Президенті А.Лукашенко, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев, Қырғыз Республикасының Президенті С.Жээнбеков, Молдова Республикасының Президенті И.Додон, Ресей Федерациясының Президенті В.Путин, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Рахмон және Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.Мирзиёев қатысты.

Саммиттің басты тақырыбы өткен жылды қорытындылау болды. Атап айтқанда, Ресей тарапы төрағалық еткен жылды қорытындылады. Мәселен, Владимир Путин өз сөзінде: «Инновация, атом энергетикасы және көлік қауіпсіздігі саласындағы келісімдер күшіне енді. Контрафактілі өнімдерді таратпауға, зияткерлік меншікті қорғауға бағытталған құжаттар қабылданды. ТМД шеңберіндегі қызметтердің еркін саудасы туралы маңызды келісімнің жұмысы аяқталуда. Достастық елдері терроризммен, трансшекаралық қылмыспен, есірткі айналымымен күресуде ынтымақтастықты кеңейтіп келеді», - деп мәлімдеді.

Нұрсұлтан Назарбаев сапар аясында Владимир Путинді ТМД-ға төрағалығының табысты аяқталуымен құттықтап, Ресей Федерациясының Еуразиялық кеңістіктегі интеграцияны дамыту және Достастықтың халықаралық беделін нығайту үшін атқарған жұмысының маңыздылығын атап өтті.

Н.Назарбаев сондай-ақ, 2017 жылғы қарашада Минск қаласында өткен Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының саммитінде өңірлік және халықаралық күн тәртібінің мейлінше өзекті мәселелері қарастырылғанын айтты.

«Бізде келіссөз арқылы шеше алмаған мәселе жоқ. Бәрімізге егемендік пен өзара құрмет қағидаттарын негізге алып, әрі қарай жұмыс істеу қажет», – деді Қазақстан басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев Владимир Путинге Ресей Федерациясы Президентінің алдағы сайлауында табыс тілеп, Ресейдің көпұлтты халқы дұрыс шешім қабылдайтынына сенім білдірді.

Соңында тараптар түрлі салалардағы мемлекетаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері жөнінде пікір алмасып, келесі жылы ТМД-ға төрағалық етуіне орай Тәжікстан Республикасына сәттілік тіледі.



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Өткен 2017 жылды толық сеніммен Орталық Азия елдерінің өзара қарым-қатынастарын нығайтқан жыл болды деп айтуға болады. Кейбір сарапшылар мұны Өзбекстанға жаңа президенттің келуімен байланыстырса, кезекті бір топ бұл өзгерістердің алғышарттары бұрыннан қаланғанын алға тартып, қазіргі берік ынтымақтастықтың орнауы заңды деп айтады.

Қалай болса да, Орталық Азия елдерінің қарым-қатынастарында шын мәнінде жаңа серпін бар. Осы ретте, маңызды қадамдардың бірі ретінде өзбек көшбасшысының Қазақстанға алғашқы сапарын ерекше атап өткен жөн. Нақтыласақ, 22-23 наурызда Өзбекстан Республикасының президенті Шавкат Мирзиев мемлекеттік сапармен Қазақстанға келді.

Былтыр көктемде көптеген бақылаушылар Астана мен Ташкент әрдайым стратегиялық әріптестік пен достық және тату көршілестік қарым-қатынасты сақтауға тырысты деп атап өтті. Осыған байланысты Нұрсұлтан Назарбаев пен Шавкат Мирзиевтің Астанадағы кездесуінде тараптар екіжақты қарым-қатынастарды тереңдету бағытын жалғастырды дегуге болады.

Сарапшылар Қазақстан мен Өзбекстанның сауда-экономикалық салада, сондай-ақ көлік және транзит саласында іске асырылмаған зор әлеуетке ие екендіктерін атап өтті. Тараптар көптеген салаларда бір-бірін толықтыра алады. Айтпақшы, сапардың қарсаңында тараптар Алматы-Ташкент бағыты бойынша «Тұлпар-Тальго» жолаушылар пойызының іске қосылуы туралы келісімге қол жеткізді.

Бұдан кейін Қазақстан мен Түрікменстан президенттерінің екіжақты сапарлары өтті. Алдымен Гурбангулы Бердімұхамедов 2017 жылдың көктемінде Астанаға келді. Ал күзде Нұрсұлтан Назарбаев Ашхабадта болды.

Ата кетерлігі, жаңадан сайланған Қырғызстан президенті Сооронбай Жээнбековтің 2017 жылдың соңында ресми сапармен Астанаға алғаш келуі де зор мәнге ие.

Алдын-ала күтілгендей, Астанадағы кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев пен Сооронбай Жээнбеков конструктивті диалог құру ниеттерін растады. Сонымен бірге, күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бауырлас Қазақстан мен Қырғызстан халықтарының сан ғасырлық достық қарым-қатынастарына негізделіп шешілетініне сенім білдірді.

Бұл оң үрдіс 2018 жылы да жалғасып, күшейтілетініне күмән жоқ. Биылғы жылдың наурыз айында Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алғашқы саммиті жоспарланған. Жоспарланған кездесу Орталық Азия елдерінің қарым-қатынастарында жаңа кезеңді ашатыны сөзсіз.



ИРАНДА ЖАППАЙ ҚАРСЫЛЫҚ АКЦИЯЛАРЫ ӨТТІ

Желтоқсан айының соңында Иранның бірқатар қалаларында жаппай наразылықтар болып өтті. Иран БАҚ-тарының хабарлауынша, 2017 жылғы 27-ші желтоқсанда басталды алғашқы тәртіпсіздіктер елдің Тегеран, Мешхед, Исфахан және Решт сияқты бірнеше қалаларын қамтыды. Президент Хасан Роуханидің айтуынша, демонстрациялар елдегі ішкі проблемалардан, сондай-ақ басқа мемлекеттердің арандатуынан туындаған.

Кейбір мәліметтерге сәйкес, тәртіпсіздіктер құрбандарының саны 20 адамға жеткен. Сондай-ақ, полиция қызметкерлерінің әскери бөлімдерді басып алуға үгіттеген 500-ге жуық арандатқышты ұстағаны хабарланды.

Соңғы күндері наразылық білдірушілердің талаптары өзгерді. Олар биліктің өзгеруін талап ететін саяси ұрандар көтеруде. Желтоқсан айының соңында бәрі азық-түлік бағасының өсуіне қарсы бейбіт демонстрациядан басталған еді. Қарсылық акцияларына қатысушылардың басым бөлігінің жасы 30-ға да толмаған. Статистикаға сәйкес, елдегі әрбір үшінші жас жұмыссыз.

Жұмыспен қамту мәселесінің маңыздылығын атап өткен Иран президенті Хасан Роухани өз мәлімдемесінде елдерінде жұмыспен қамтудан асқан проблема жоқтығын айтты. «Жұмыссыздық – аса қауіпті. Өйткені, қоғамдағы барлық дерлік проблемалар: есірткі, отбасылық қақтығыстар - мұның барлығы жұмыссыздықпен байланысты. Сондықтан біз осы проблемаларды шешуге тиіспіз», - деді Иран басшысы.

Сыртқы ойыншылардың реакциясы да тосын болды. Мысалы, АҚШ президенті Д. Трамп: «Өзгеріс уақыты келді, бірақ ол өз елі туралы ойлануға тиіс, ал ирандықтар өздеріне жағдай жасай алады. Жетістікке жету үшін әркім алдымен өзін өзгертуі керек», деп мәлімдеді. Өз кезегінде, Ресей Сыртқы Істер Министрлігі Иранның ішкі істеріне араласуға жол бермеу керектігі жөнінде жариялады.

Сарапшылардың пікірінше, Иран оқиғаларына сыртқы күштердің араласқаны күмән туғызбайды, демонстранттардың барлық іс-әрекеттері белгілі схемаларға сәйкес технологиялық тұрғыдан ойластырылған. Наразылықтардың басты мақсаты - Иран билігін қатал күш көрсетуге мәжбүрлеп, құрбандар санын айрттыру болған. Дегенмен, бұл ойлары жүзеге аса қоймады, дейді мамандар. Қалай болғанда да, Ирандағы жағдай әлі де өте күрделі боп отыр.



Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

www.twesco.org | 57-49-86

Tauelsizdik 57, Palace of Peace and Reconciliation
Astana, 010000 | Kazakhstan

 [@intturkicadem](https://twitter.com/intturkicadem)

 <https://www.facebook.com/Intturkicadem>